

2. 구도완, 한국사회문제 // KNOUPress (한국방송통신대학교출판문화원) 2017. P.78-79.
3. 공용, 우리나라의 사회적기업의 운영 현황 // 미발행 자료. 2010. P.44-58.
4. Пак Санг Хо, Социальная политика в отношении престарелых в Республике Корея: политические и экономические факторы обеспечения // Автореферат. Москва 2008. С.13-15.
5. Толстокулаков И.А. Посттрадиционное общество Южной Кореи и проблемы политической модернизации // Журнал: Известия Восточного института. 2010. С. 56-58.

ӘОЖ: 314:008

## **ИРАН ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ АРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Ералиева Нурай Бахытқызы**

[nuraybakhytkyzy@mail.ru](mailto:nuraybakhytkyzy@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,  
шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Азмуханова А.М.

**Мәдениет аралық коммуникация түсінігінің пайда болуы мен тарихы.** Жаһандануға түбегейлі бет бұрған бүгінгі қоғамда әлемдік аренадағы өзара экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік қатынастармен қатар ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастар да өз аясын кеңейтіп, нығаюда. Мәдениетаралық коммуникация қоғамдық феномен ретінде 20 – ғасырдан бастау алып, тіларалық және мәдениетаралық ауыс-түйістерге негіз болуда. Кез келген елдің тілі мен мәдениеті өз деңгейінде күрделі де, сан қырлы сипатта болып келеді және ол әлемнің тілдік бейнесін жасауға негіз болады. Ал әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынас орнатып түсінісуі мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуына негіз болды. Бұл туралы орыс мәдениеттанушысы Н.Н. Алиева мынадай дерек келтіреді: «Әр түрлі халықтар мен мәдениеттердің қарым-қатынасы мен өзара түсіну мәселесін қарастыру ғылыми білімнің тағы бір жаңа саласының - мәдениетаралық коммуникация теориясының пайда болуына әкелді. «Коммуникация - бұл мәдениет, мәдениет - бұл коммуникация.», деген тұжырымды айтқан ағылшын кросс-мәдениет зерттеушісі Э.Холлды мәдениет пен коммуникацияның байланысын алғашқылардың бірі болып дәлелдеген мәдениетаралық коммуникация теориясының негізін қалаушы деп атауға болады» [1]. Ал Иранда мәдениет аралық байланыс қалай және қашан дамыды?

1979 жылғы Ислам революциясынан кейін сыртқы саясатының негізін қалаған Иранның жаңа үкіметі құрылды. Әрине Иранның «Батыс та, шығыс та емес, тек ислам» деген ұраны Иранның мәдениет аралық коммуникацияда шектегені анық. Өз кезегінде Иран 90-жылдары мәдени компонентті Иранның сыртқы саясатының маңызды бөлігіне айналдырды және оның әсерінен жаңа мәдени - саяси доктрина қалыптасты. Тиісінше мәдени байланыстарды дамытуға үлкен қызығушылық танытып, осы бағытта белсенді саясат жүргізе бастады. Сол кезде ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен «ислам революциясын дәріптеу» ұраны іс жүзінде жойылды. Экономикалық ынтымақтастық пен мәдени насихаттың дамуына баса назар аударылды [2]. 1996 жылы Мәдениет және исламдық бағдарлау министрлігінің басшылығымен Мәдениет және исламдық қатынастар ұйымы құрылды. Бұл құрылымның мақсаты - исламдық дүниетанымды жандандыру және тарату, ислам революциясының мақсаттары, міндеттері мен жетістіктерін бүкіл әлемге насихаттау сондай-ақ мәдени байланыстарды дамыту. Иран мәдениеті мен өркениетінің құндылықтарын, Иранның тарихи дамуының ерекшеліктерін білдіретін басқа мемлекеттермен және мәдени ұйымдармен мәдени байланыстарды нығайту болды. Осы

кезден бастап Иранның мәдениет аралық коммуникациядағы рөлі арта бастады. Ал Қазақстан мен Иранның мәдени қарым-қатынасы өз бастауын қашан алды?

ҚР сыртқы істер министрлігінің мәліметтеріне жүгінсек екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 22 қаңтарынан бастау алады. Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан елшілігі 1993 жылы ашылған болатын. Ал Иранның Қазақстанның астанасындағы елшілігі 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 1999 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы Декларациясы» Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы мәдениет саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту және дамыту, әрі достық байланыстарды тереңдетуге жол ашты. Университет аралық ынтымақтастық пен студенттердің білім алмасу бағдарламасы – екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықтың бір бағытына айналды. Бұл арада Ирандықтардың мәдениет аралық коммуникациядағы ерекшелігін байқап та үлгердік. Исламның Шиизм бағытын ұстанған Ирандықтарға еліміздегі діни орындарға баруға қандай заттар кедергі болды? Еліміздегі ағылшын тілінің жетік меңгерілмегендігі Ирандықтарға қаншалықты қиындық туғызды? Осы сұрақтарға жауап алу мақсатында елімізге Ираннан келген профессор мен студенттерге өздеріне туындаған қиыншылықтарымен бөлісуді сұрадым. Нәтижесінде талғампаз Иран халқының келесідей ерекшеліктерін байқадым:

*Ирандық мұғалім:* Иран мен Қазақстанның ортақ тұстары көп. Ұқсастықтарға қарамастан, кейбір айырмашылықтар да бар, және олардың кейбіреуі мен үшін мәдени таңданыс туғызды. Біріншісі - тіл. Өкінішке орай, мен не орыс, не қазақ тілін білмедім және қарапайым адамдардың да ағылшынша сөйлемейтінін түсіндім. Сондықтан бастапқыда қоғамдық көлікті пайдалану және жол табу өте қиынға соқты. Мен жаяу жүргіншілерден мекен-жайын сұрағым келгенде, олардың кейбірі назар аудармады немесе жай қолдарын созып, маған көмектесе алмайтындықтарын көрсетті. Тағы бір нәрсе – сіздің елдің тамағы мен тамақтану тәртібі. Мен Бешбармақ деп аталатын, жылқы етінен немесе қой етінен жасалған дәмді тағамды алдыма алып келгенде қатты таң қалдым. Себебі жылқыны Ирандықтар киелі деп санайды. Сондай-ақ тамақтану кезінде суық су немесе шырын ішудің орнына ыстық шай ішетіндігі қатты таңдандырды. Біз Иранда тамақтанып болғаннан кейін дастарханнан тұрып кете береміз, алайда Қазақстанда барлығы асты бірге ішетіні де таңданыс тудырды.

*Ирандық студент:* Қазіргі кезде ирандықтар шиит болғандықтан, көптеген елдерде мәселелер туындап жатады. Өйткені шиизмді басқа мұсылман елдері қабылдамайды, мысалы мен Қазақстанды үнемі сүнниттік дінді ұстанатын зайырлы ел ретінде қабылдайтынмын және шиизм өкілдеріне жақсы көзқараста дейтінмін. Алайда сіздің елде діни орындарға барсам маған түрлі пікірлер айтылды. Тіпті мені кафир деп, мешітке кіргізгілері келмеді. Одан бөлек маған басқа дінді насихаттап жүрсің бе? - деген сұрақтар да қойылды. Сондықтан мешітке мүлде бара алмадым. Егер парсы және қазақ тілдері туралы айтар болсам, екі тілдің шамамен 3000-ға жуық ортақ сөздері бар. Ежелгі уақыттан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан мен Иран ортақ сөздер мен мәдениетке ие, өйткені бізде тарихымыз ортақ. Сондай-ақ Наурыз сияқты қазақ халқымен ортақ мерекелер көп. Ирандағы тағам - бұл қазақстандық тағам сияқты, сондықтан аса қиындық туындаған жоқ.

Коммуникативтік зерттеулер тұрғысынан коммуникациялар қоғамның, әлеуметтік топтардың және жеке тұлғалардың барлық аспектілерін қамтиды, сондықтан бұл тақырыптардың практикалық негізі тікелей қарым-қатынас жағдайларының ауысуы болып табылады. Өзге адамды түсіну, оның ниеті, тілегі, айналасындағы адамдардың мінез-құлқын болжау, сонымен қатар өзін басқаларға түсінікті етіп көрсету өмірлік маңызды факторлар болып табылады. Өзара түсіну мүмкіндігі, жоғарыда айтылғандай, ең алдымен әр адамның белгілі бір қарым-қатынас әдістері, адамдар үшін де, әлеуметтік орта үшін де белгілі бір маңызды аспект болып табылады. Мұның бәрі коммуникация мүмкіндігін туғызады және бұл коммуникацияның себептерді, формаларды, байланыс түрлері мен нәтижелерін көрсететін күрделі процесс екенін көрсетеді [3].

Ирандықтардың коммуникативті мінез-құлқын сұхбаттасушыға бағытталған сыпайылық пен мейірімділіктен байқауға болады. Иранның «тааруф» деген әлеуметтік қағидасы бар –яғни, әдептілікпен алмасу, сыпайылық таныту. Тааруф - ирандықтардың тек сыпайы сөздері кездесетін, басқа халықтарға қарағанда мүлде басқа контекстке түсетін принциптері болып табылады. Тааруф - ирандықтардың пікірінше, шетелдік үстемдіктердің нәтижесінде қалыптасқан ирандықтардың өздерінің шынайы бет-бейнесін жасыруға мәжбүр болатын және қарым-қатынас кезінде өз сезімдерін көрсетпейтін қарым-қатынас құралы болып есептеледі [4]. Ирандықтардың мәдениет аралық коммуникациядағы тағы бір ерекшелігі- Иран халқының арзанға түсіп, қымбатқа бағаланатын – сыпайылығы. Иранның кез-келген базарында бір затты сатып аларда «Бұл қанша тұрады?» деген сұраққа олар автоматты түрде «ghobel nadore » деп жауап береді, бұл «мүлдем жоқ» немесе «ештеңе қажет емес» дегенді білдіреді. Алайда, олардың қызметтеріне ақы төлеу қалыпты болып саналады, бірақ ирандықтар бағаны дереу атауды дөрекі деп санайды және осы сәтті кешіктіргенді жөн көреді. Міне осындай Иран халқының ізеттілігін бөліп айтуға болады [5].

Иран Исламдық мемлекет болғандықтан Батыс елдерінен әлдеқайда алшақтап кеткені рас. Жаңашылдыққа әуес батыс елдері мен Иранның мәдениет аралық қарым-қатынастары бүгінде өзінің даму қарқынын жоғалтты. Соның есебінен Ирандық студенттер көптеген білім алу мүмкіндіктерінен шектеліп қалуда, яғни оларда Еуропалық немесе басқа елдердің студенттері сияқты шет елдерде білім алу мүмкіндігі өте аз. Сондай-ақ көптеген санкциялардың нәтижесінде Иран студенттері еуропалық студенттер сияқты бос уақытында басқа мәдениеттермен танысу мүмкіндігіне ие бола алмауда. АҚШ, Канада және барлық еуропалық елдер үшін ERASMUS секілді білім алмасу бағдарламалары бар, ал ирандық студенттер бұл мүмкіндіктен және жүздеген басқа артықшылықтардан айырылған. Осы мәселе бойынша ирандық студенттерден сұрағанымда, олар былай деп жауап берген еді:

**1-студент:** «АҚШ және Еуропа университеттерінің студенттерімен білім алмасу біз үшін таптырмас мүмкіндік болар еді, алайда біздің университетте шетелдік студенттер жоқ, сондықтан басқа мәдениет өкілдерімен кездесуге және сөйлесуге мүмкіндік жоқ».

**2-студент:** «Біздің университеттерімізде басқа елдердегідей ағылшын институттарында халықаралық -студенттер немесе оқытушылар жоқ. Ирандағы басқа мәдениеттердің адамдарымен ағылшын тілінде сөйлесу мүмкіндігіміз шектеулі екенін көрдіңіз. Туристер болып табылатын басқа мәдениет өкілдерін кездестірген кезде ғана онымен тіл алмаса аламыз» [6]. Сондай-ақ Ирандықтарға кейбір ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасауға тиым салынған. Әрине бұның барлығы тарихи факторлардың әсері. Ирандықтарға Израильмен және израильдіктермен кез-келген қарым-қатынасқа, байланыста болуға тыйым салынады (Израиль командасына қарсы халықаралық ойындарға қатысуға да тыйым салынады). Жалпы Иран көптеген нюанстарға, тыйымдарға, ерекшеліктерге және еуропалық дүниетанымнан айырмашылықтарға толы екенін айтқым келеді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алиева Н.Н.[http://www.rusnauka.com/8\\_NPE\\_2007/Philologia/19454.doc.htm](http://www.rusnauka.com/8_NPE_2007/Philologia/19454.doc.htm)
2. Е.В. Дунаева, «Россия и Иран: особенности развития и проблемы межкультурной коммуникации», Обсерватория культуры, 2014, <https://observatoria.rsl.ru/jour/article/viewFile/101/239>
3. Садохин А.П «Введение в теорию межкультурной коммуникации»
4. О.В. Кошманова « Краткий очерк иранского коммуникативного поведения », <https://textarchive.ru/c-1809675.html>
5. گروه--چینی/ https://www.sbu.ac.ir/Cols/LAH/Pages/نقد زبان و ادبیات خارجی.aspx
6. Ali Asghar Pourakbari, «Intercultural Sensitivity An Empirical Study of Iranian EFL Learners», International Journal of English Language Education, Vol. 3, No. 2, 2015 [https://www.researchgate.net/publication/276086722\\_Intercultural\\_Sensitivity\\_An\\_Empirical\\_Study\\_of\\_Iranian\\_EFL\\_Learners](https://www.researchgate.net/publication/276086722_Intercultural_Sensitivity_An_Empirical_Study_of_Iranian_EFL_Learners)